Бекітемін

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «Болашақ»МДҰ

Топ: *кіші топ*

Балалардың жасы- *2 жас*

Жоспардың құрылу кезеңі *25-29 желтоқсан 2023 ж*

.

| **Күн тәртібінің үлгісі** | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Балалардың дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| Ата аналармен әңгімелесу кеңес беру | Әңгімелесу: "Қыстың негізгі құбылыстарын байқатудың маңызы". "Балаға сұрақтар қою және сөйлеуді дамыту". "Жыл мезгілдері туралы әңгімелеу". | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Шаттық шеңбер<br>Жарық болса күніміз,<br>Жарқын шығар үніміз.<br>Елін сүйіп ержетер<br>Біз болашақ гүліміз!<br>**(Сөйлеуді дамыту)** | "Қолғап" қимылды **жаттығуы. -**<br>Балалар, ал қазір қолғаптарымызбен әдемі жаттығулар жасап, ойнап көрейік.<br>- Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды өзара уқалау)<br>Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екіншіні сипау)<br>Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау)<br>Киіп алсақ – жарап | Шаттық шеңбер<br>Сиқырлы айнадан<br>Өзімді көремін.<br>Алақаным арқылы<br>Жылуымды беремін.<br>**(Сөйлеуді дамыту)** | Шаттық шеңбер<br>Аспан ашық,көгілдір<br>Күн шуағын төгіп тұр!<br>Қол ұстасқан біздерді.<br>Терезеңнен көріп тұр.<br>**(Сөйлеуді дамыту)** | Шаттық шеңбер<br>Күн шуағын аясын<br>«Достық» деген бәйтеректі<br>Барлық бала саясын<br>**(Сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тұр. (алақандармен ары-бері бұраңдау) **(сөйлеуді дамыту)** | | | |
| Таңертеңгі жаттығу | Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты оң қолмен ұстап тұру.<br>1–1 екі қолды жан-жаққа созу, кайтадан допты алу.<br>1–2 бір қолды алға созып, допты сол қолға ауыстыру,<br>екі қолды жан-жаққа созу, бастапқы қалыпқа келу (3 рет).<br>2. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты алдыда екі қолмен ұстап тұру.<br>2–1 жерге отыру, допты жерге қою.<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу;<br>2–3 жерге отыру, допты жерге қою;<br>2–4 бастапқы қалыпқа келу (4 рет);<br>3. Бастапқы қалыпаяқты алшақ қойып, допты алдыға екі қолмен ұстап тұру.<br>3–1 еңкею, допты жерге қою.<br>3–2 бастапқы қалыпқа келу;<br>3–3 еңкею, допты жерге қою;<br>3–4 бастапқы қалыпқа келу (3 рет). | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Сәлемдесу:<br>Жарқырап күн де ашылды,<br>Айналаға гүл шашылды.<br>Қайырлы күн! Біз еңбекқор баламыз!<br>Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз! | | | | |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс әрекет | Т/бы:«Ақ қала»әні<br>Әнге қызығушылықтарын ояту,әнді тыңдату.<br>**(Музыка)**<br><br>Т/бы «Ақшақар» ертегісі.Ертегі желіні көгілдір экран арқылы көрсету.**(Көркем әдебиет)** | **ЖДЖ: «Қысқа дайынсың ба?»**<br>Ойменен де, сайменен де Аю келедіталтаңдап. Айтыңдаршы маған, аңдар, Қысқа дайындық қалай? Түлкіге арналған қолғап. Б.к.: аяқтар | **Қимылдың негізгі түрлері:**<br>Қолды белде ұстап, текшелерден аттап, соқпақпен (жолмен)жүру. Түлкі келедікөпірмен Құйрығы оның бұлғаңдап. | Т/бы" Аяз ата".Ермексаздың бөлшектерін домалату,созу әдістерін пайдалана отырып,аяз атаны мүсіндеуге үйрету.**(мүсіндеу)**<br>Т/бы:"Шырша"шырша бейнесін жасыл түсті қылқаламен | **Ойын жаттығуы: «Кірпі»**<br>Кірпі домаланып жиналды, қайтып орнынакелді.<br>**Негізгі қимылдары:**<br>қолдарын белінде ұстап, биіктігі 10 см кедергіден аттап өт |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Т/бы"Аққала"түсін және неше бөліктен** тұратынын.дөңгелек өлшемін ажырата білу.Ақ түсті ермексаздан қарапайым доңгелек пішінді келтіріп аққала бейнесін жасауға үйрету.Дайын Ақ қала сурет бейнесін бояту.Аққаланың бас киімін қызыл түс бояумен бояту.Үш дөңгелек ақ түсті қағаздан ақ қаланы жапсыру. басына шелегін және қолына күректі үйлестіріп орналастыру..(сенсорика, **мүсіндеу,сурет салу,жапсыру)** | **табан қашықтығына сәйкес.** 1 – қолды алға созамыз. 2,3 – қолдың басын айналдырамыз. 4 – төмен түсіреміз. 4–6рет.<br>Иә, – дедітүлкілер. Біз қолғапты тоқыдық. Қолғабымыз жаң-жаңа. Жып-жылы әріүлпілдек.<br>Тиін інінде. Б.к. – бұрынғы. 1 – аяғының ұшымен көтеріледі. қолдарын жоғары көтереді. 2 – б.к. 4–6рет.<br>– Тиін інінен сығалап. Жаңғақты қойдым мен жинап. Інім менінбиікте Іші құрғақ әрі жып-жылы.<br>Құндыздар отын жаруда. Б.к.: аяқты иық бойымен қояды, саусақтарын айқастырып құлып жасайды, 1 – қолды бастан асыра жоғары көтереміз, 2 – алға | **Қолындағысын түсірмей** Серуендейді масайрап.<br>Сәкі үстінде төрттағандапеңбектеу.<br>Маймақ аяқ аюлар Орманда жүр серуендеп. Бөренеден олжылдам. Ептілікпен аттады. Қабырғасын ауыртпай Керіліп ол алды. (Түзеліп. қолын жоғарыкөтереді). Құрсаудан-құрсауғасекіру. Бақтан сәбіз жинауға Келді қоянсекіріп.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қояндар мен қасқыр». (Дене шынықтыру)**<br><br>Т/бы «Әжемнің құрақ | **бояту.Қылқаламды қатты қысып ұстатпау ережесіне үйрету.(сурет салу)**<br>Т/бы "Таныс пішіндер"(сенсорика)пішіндерші көлеңкелеріне қарай сәйкестендіру.өлшемдері мен көлеміне қарап.**(сенсорика)**<br>Т/бы:"Қар"Дайын қағаз бетіндегі ағаштың бұтақтарына ақ мақтамен қар бейнесін орналастыру.**(жапсыру)** Мақтаны бұтақтарға ұқыптылықпен жапсыра отырып.қысқы ағашты бейнелеу.**(құрастыру)** | **арқылы тепе-теңдікті сақтай** отырып. жолды жүріп өту. Сәкі үстінде төрттағандап (Дене **шынықтыру)**<br><br>"Жабайы аңдар" Балаларды жабайы аңдармен. олардың атауларымен таныстырып. дұрыс. анық. буындап айтуға. олардың қимыл-әрекеттерін көрсете білуге үйрету. (сөйлеуді дамыту)<br><br>"Сиқырлы қораптар". Шарты:Балаларды қораптарды ашу және жабуға үйр... кеңістіктік үлгі... көрсету, кішкен... заттарды үлкен... қорапқа салу. ... түсі туралы білімдерін бе... |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **карай еңкейеміз – 4 рет.**<br>**(Дене шынықтыру)**<br><br>**"Дұрыс орналастыр"** ойыны<br>Үлкен қорапқа текшелер мен шарларды салу. Шарларды бір қорапқа, ал екінші қорапқа текшелерді салу керек.<br>**(сенсорика)**<br>Т/бы:.Ақ қоянды қағазды қатты ұстамай.қағаз бетіндегі дайын ақ қоян бейнесін бояту.(сурет салу).<br>Ермексаздан үлгі бойынша педагог көмегімен ақ қоян бейнесін жасату.**(мүсіндеу)**<br>Дөңгелек әр түсті шарларды қағаз бетіне (желімсіз) орналастыру.<br>**(жапсыру)** | **көрпесі.»**Шаршы **мен** тіктөртбұрыштарды сенсорлық қасиеттеріне байланысты түсіне және кішемі бойынша салыстыруға,ажыратуға үйрету.**(сенсорика)**<br>**Т/бы:"**Әдемі көйлек киген Дана" қуыршағы**(сурет салу).**Қуыршақ үстіндегі көйлекті бояуға дағдыландыру.<br>Т/бы":Шыршаға арналған ойыншық"Ермексаздан түсті дөңгелек пішінді ойыншықтар жасауға үйрету.( педагог көмегімен).<br>**(мүсіндеу)**<br>Шырша бұтақтарына ойыншықтарды орналастыру.<br>**(жапсыру)** | | **(Сенсорика)**<br><br>Ермексаздан кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алып,шарды илеу амалын игерту. Қағаз бетіне түсті шарларды бояуға дағдыландыру**(сурет салу) (Мүсіндеу)**<br><br>«Егінші мен Қасқыр» ертегісі.Көркем шығарманы тыңдату<br>**(Көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуенге дайындык | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш аркылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналык дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| Серуен | Кардың жауғанын бакылау. **(коршаған ортамен танысу)** Маусымдык күбылыс - кардың жауы туралы білімдерін бекіту. | **Шыршаны бақылау. (коршаған ортамен танысу).** Шырша суреті бойынша түсінік беру.Шырша жыл мезгілін кай мезгілінде болатынын әңгімелеу. | **Терезедегі кырауды** бақылау.(коршаған ортамен танысу) Егер терезелердің екі әйнегі де буланса, аяз күшейе түседі.**Кимылды ойын:«Ак коян»**.Ойын барысы: бір бала коян маскасын киеді.Балдар тез тез коянга сәбіз апарып беруі кажет.Балдар [illegible] | **Қардың тереңдігін** бақылау. (коршаған ортамен танысу) балалардың көңілін ауланың кай жерлерінде калың кар жатканына аудару, кардың каншалыкты терең екенін білуді үйрету. | **Қыскы ауа райын бақылау(коршаған ортамен танысу).** Кыс мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру. Ақ матадай ұлпа кар. Жамылыпты кыркалар. Калың-калың тон киіп. Мауқырайды шаршылар.(Шәймерден Әлдибекұлы) |
| Серуеннен оралу | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз кажеттері жайында айтуды үйрету. (дербес кимыл **әрекеті)** | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу кимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар карау және тағы баска әрекеттер) | Т/бы:"Мұнара".**(Құрастыру)** текше мен призмадан мұнара құрастыруға үйрету. | Такырыбы: «Үй және какпа» **(Құрастыру.)**құрылыс конструкторларадан үй жасауға үйрету, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру. Т/бы:«Он екі ай» | Сюжетті рөлдік ойын "Отбасы" Т/бы"Сикырлы түстер" ертегісі**(көркем әдебиет)**ертегіні көгілдір экран аркылы балаларға көрсету. Т/бы «Аяз ата» дайын қағаз | "Жаңа жыл" ертегісі.Ертегіні автор желісі бойынша окып беру.**(көркем әдебиет)** | Т/бы: «Шырша шары» Үлкен домалак(шырша шары)бірыңғай домалактарды бір біріне тигізбей орналастыру.**(жапсыру)** Т/бы "Аяз" ертегісі мультфильмін көрсету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ертегісі(**көркем әдебиет**)мультфильмін көрсету. | бетіне мақтадан Аяз ата бейнесін жасауға үйрету.(**құрастыру**) | | (**көркем әдебиет**) |
| Балалармен жеке жұмыс | **"Көңілді саусақтар"** саусаққа арналған жаттығу.<br>Оң қолымда бес саусақ (Оң қолының саусақтарын көрсету)<br>Сол қолымда бес саусақ (Сол қолдың саусақтарын көрсету)<br>Бәрін қоссақ – он саусақ (Екі қолының саусақтарын қосу)<br>Оң аяқпен секіремін (Екі аяқпен кезек секіру)<br>Сол аяқпен секіремін (Орында жүру) | **"Қоянды үйретейік" (артикуляциялық жаттығу)** тәрбиеші көрсеткен қимылдарды бірлесіп жасау:<br>А) ауызды ашу:<br>- Қоян, аузыңды аш! Міне осылай! Міне осылай!<br>Б) тістерді көрсету:<br>- Қоян, тістеріңді көрсетші! Міне осылай! Міне осылай!<br>В) тілді көрсету:<br>- Қоян, тіліңді көрсетші! Міне осылай! Міне осылай! | Үстел үсті ойыны **«Бөліктерін тап»**<br>**Шарты:** балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету. | **"Кім тыныш?"** қимылды ойыны.<br>Балаларды бір бағытта тыныш отыру,жүру әдебіне үйрету, аяктың табанын толық басып және аяктың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру: | **Саусақ жаттығуы. "Алақай! Алақай!"**<br>Алақай! Алақай!<br>Кел[illegible]<br>міне.<br>Біз далаға шығамыз.<br>Жаттығу жасаймыз.<br>Бір, екі! Бір, екі!<br>Карды қағып, бір, екі!<br>Д. Ахметова |
| Балалардың үйге қайтуы | Әңгімелесу: "Қыстың негізгі құбылыстарын байқатудың маңызы" | | | | |